**«БЕКІТЕМІН»**
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Басқарма төрайымы – Ректор М. Мурзамадиева
________________
«_19_» ____06____ 2020 ж.

**«В005-Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша шығармашылық емтихан қабылдау БАҒДАРЛАМАСЫ**

4. ЕНГІЗІЛДІ –2020 ж.
5. Тексеру мерзімі – 2021 ж.

**Қызметтік қолданыс үшін басылым**

**Түркістан 2020**

## 1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Бұл бағдарлама Халықаралық туризм және меймандостық университетінде (одан әрі, Университет) құжаттамалық қамтамасыз етуді жоғарғы оқу орны жанынан құрылған қабылдау комиссиясы шығармашылық емтихан қабылдау қызметінің жұмыс істеуінің жалпы талаптарын белгілейді және оны жүзеге асыруда негізгі құжат болып табылады.

1.2 Университет бағдарламасы «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы құжаттарының құрамына кіреді.

## 2 НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР (СІЛТЕМЕЛІК ҚҰЖАТТАР)

2.1 Осы бағдарламада келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер жасалынған:

- «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңы;
- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы (жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 08.06.2020 № 237 бұйрығымен);
- "Бакалавр" немесе "магистр" дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру ережелерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы №58 Қаулысы (жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 08.06.2020 № 362);
- Халықаралық туризм және меймандостық университеті коммерциялық емес акционерлік қоғамы Басқарма төрайымы – Ректор бұйрықтары;
- Қабылдау комиссиясының шешімдері.

## 3 ЖАУАПКЕРШІЛІК

3.1 В005-Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша осы бағдарлама талаптарының енгізілуіне кафедра меңгерушісі жауапты болып табылады.

3.2 Университеттің осы бағдарламаның талаптарының орындалуын университет ректоры қадағалайды.

3.3 Бағдарламаның белгіленген талаптарды іске асыру, яғни шығармашылық емтихан қағидаларын қамтамасыз ету жоғарғы оқу орнының Қабылдау комиссиясының құзіретіне жүктеледі.

## 4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

В005-Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша білім беру грантын тағайындау туралы куәлік иегерлері өздері шығармашылық емтихан тапсырған жоғары оқу орнына қабылданады.

Шығармашылық емтиханның нәтижелері бойынша оқуға түсушіге шығармашылық емтиханды тапсыру орнына қарамастан, жоғары оқу орнына ақылы негізде оқуға түсу үшін ведомостан үзінді беріледі.

## 4.1 В005-ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЯРЛАУ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША

### 4.1.1 Шығармашылық емтихандардың негізгі мақсат-міндеттері

Халықаралық туризм және меймандостық университетінің В005-Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламасына құжат тапсырған талапкерлер арасынан спорт және білім саласына бейімі бар, дарынды жастарды іріктеп алу және келешекте олардың осы сала бойынша жоғары білім алуына жол ашып, бағыт-бағдар беру.

**4.2.2 Шығармашылық емтихандарды өткізу тәртібі**

В005-Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша шығармашылық емтихандар өткізу тәртібі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына», Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы №58 Қаулысымен бекітілген «Бакалавр» немесе «магистр» дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру ережелері мен Халықаралық туризм және меймандостық университетіне студенттерді қабылдау ережесіне сүйеніп әзірленді.

Шығармашылық емтихандар Халықаралық туризм және меймандостық университетінде өткізіледі. Шығармашылық емтихандар өткізілетін күндерді үлгі ережеде көрсетілген мерзімге сәйкес Университет қабылдау комиссиясы белгілейді. Шығармашылық емтихандарды өткізу үшін Университет қабылдау комиссиясы басшысының (орынбасарының) бұйрығымен шығармашылық емтихандар комиссиясы құрылады.

Шығармашылық емтихандар саны 2:

I - Шығармашылық емтихан - «Мамандану бойынша нормативтер»

II - Шығармашылық емтихан: - «Жалпы дене даярлығы бойынша нормативтер»

**4.2.3 Талапкерлердің шығармашылық емтиханын бағалау тәртібі және оған қойылатын талаптар**

Талапкер В005-Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламасы түсу үшін міндетті түрде шығармашылық емтихан тапсырады. Шығармашылық емтихан – талапкердің дене шынықтыру және спортқа деген бейімділігін айқындай түседі.

Оқуға түсетін азаматтар таңдаған жоғары оқу орындарының қабылдау комиссиялары өткізетін В005-Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламасына түсу үшін екі шығармашылық емтихандарын тапсырады. Шығармашылық емтихандар екі емтиханнан тұрады, бірінші арнайы емтихан «Мамандану бойынша нормативтер» ең жоғарғы ұпай саны 40 балл, екінші арнайы емтихан «Жалпы дене даярлығы бойынша нормативтер» бойынша ең жоғарғы ұпай саны 40 балл. Екі емтиханның нәтижесі бойынша талапкерлерге қойылатын ең жоғарғы ұпай саны 80 балл.

В005-«Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша құжат тапсырған спорттық жетістіктері бар талапкерлер шығармашылық емтихандардан босатылып келесі ретте балдары қойылады:

| Спорттық жетістіктер | I-Шығармашылық емтихан | II-Шығармашылық емтихан | Жалпы балы |
|---|---|---|---|
| ҚР еңбек сіңірген спорт шебері; ҚР халықаралық дәрежедегі спорт шебері; ҚР спорт шебері; ҚР спорт шеберіне үміткер | 40 | 40 | 80 |
| Соңғы үш жылдағы халықаралық және республикалық спорт жарыстарының жеңімпаздары (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) | 40 | 40 | 80 |

В005-«Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша құжат тапсырған талапкерлер:

**<u>Бірінші шығармашылық емтихан</u>** – «Мамандану бойынша нормативтер» бойынша талапкер қабылдау комиссиясының электронды почтасына 1) Спорттық жетістіктерінің тізімін; 2) Спорттық мамандандыру туралы спорттың бір түрінен (күрес, бокс, жеңіл

атлетика, баскетбол, волейбол, футбол, гандбол, гимнастика және т.б.) дағдылары мен әдістерін түсіріп сапалы 3 минуттық бейнероликтін жібереді.

**<u>Екінші шығармашылық емтихан</u>** – «Жалпы дене даярлығы бойынша нормативтер» бойынша талапкер қабылдау комиссиясының электронды почтасына келесі жаттығулардың жалпы 3 минуттық бейнеролигін жібереді:

Ұлдар:
1) Белтемірде тартылу (1 минут 30 секундтағы саны);
2) Тіреліп қолды бүгу және жазу (отжимание) (1 минут 30 секундтағы саны).

Қыздар:
1) Отырып тұру (1 минут 30 секундтағы саны);
2) Пресс (1 минут 30 секундтағы саны).

Материалдар қабылдау комиссиясының электронды поштасына **<u>08.07.2020</u>** дейін жіберілуі керек. Файл атауында талапкердің тегі, аты көрсетіледі. Хаттың тақырыбында «талапкердің тегі, аты» көрсетіледі.

Шығармашылық емтихан талаптары типтік ережелерге және мектептегі дене тәрбиесі пәнінің бағдарламасына сәйкес жасалған.

Шығармашылық емтиханын қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

В005-Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша талапкерлердің сынақтық бағалары негізінде жалпы ұпай саны жазылады.

### 4.2.4 Бірінші шығармашылық «Мамандану бойынша нормативтер»
### СПОРТТЫҚ КҮРЕС

| р/с | Нормативтер | Нәтижелер | Ұпайлар |
|---|---|---|---|
| 1. | Түрегеліп тұрып күрес көпірін орындау. Күрестік «Көпірде» тұрып оң және сол жақпен жүгіру. | 10 | 20 |
| | | 9 | 18 |
| | | 8 | 16 |
| 2. | Арнайы дайындалған жаттығуларды орындау.<br>1. Алдыға және артқа айналып түсу<br>2. Ауада айналып түсу<br>3. Арқамен алдыға айналып түсу<br>4. Өзін-өзі сақтандыру<br>5. Қосарланып сақтану | 5 | 10 |
| | | 4 | 8 |
| | | 3 | 6 |
| | | 2 | 4 |
| 3. | Түрегеп тұрып өзінің ең жақсы көретін 5 тәсілін орындау | 5 | 10 |
| | | 4 | 8 |
| | | 3 | 6 |

### <u>Бірінші</u> шығармашылық «Мамандану бойынша нормативтер»
### ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА

| Жаттығулар | Ерлер | | Әйелдер | |
|---|---|---|---|---|
| | Нәтиже | Ұпай | Нәтиже | Ұпай |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1500 м. (ерлер, минут) 800 м. (қыздар, минут) | 4.50,0 | 20 | 2.55,0 | 20 |
| | 4.55,0 | 18 | 3.00,0 | 18 |
| | 5.00,0 | 16 | 3.05,0 | 16 |
| | 5.05,0 | 14 | 3.10,0 | 14 |
| Жүгіріп келіп ұзындыққа секіру (метр) | 5.40 | 10 | 4.50 | 10 |
| | 5.35 | 8 | 4.45 | 8 |
| | 5.30 | 6 | 4.40 | 6 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 5.25 | 4 | 4.35 | 4 |
| | 5.05 | 2 | 4.15 | 2 |
| Ядро лақтыру (метр) Ерлер – 6 кг. Әйелдер – 3 кг. | 11,00 | 10 | 10 м. | 10 |
| | 10,50 | 8 | 9,80 | 8 |
| | 10,80 | 6 | 9,60 | 6 |

**<u>Бірінші</u> шығармашылық «Мамандану бойынша нормативтер»**

**БАСКЕТБОЛ**

| Жаттығулар | Ерлер | | Әйелдер | |
|---|---|---|---|---|
| | Нәтиже | Ұпай | Нәтиже | Ұпай |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| Допты беру жаттығуы. 30 секунд ішінде допты жылдамдықта беру және қағып алу, ара қашықтығы 2-3 метр (қабырға арқылы допты кеуде тұсынан беру саны). | 26 | 20 | 24 | 20 |
| | 25 | 18 | 23 | 18 |
| | 24 | 16 | 22 | 16 |
| | 23 | 14 | 21 | 14 |
| | 22 | 12 | 20 | 12 |
| | 21 | 10 | 19 | 10 |
| | 20 | 8 | 18 | 8 |
| Айып добын лақтыру аймағында допты екі жақтан алып жүріп себетке лақтыру (секунд) | 11,0 | 10 | 12,0 | 10 |
| | 11,1 | 8 | 12,1 | 8 |
| | 11,3 | 6 | 12,3 | 6 |
| Айып добын лақтыру (10 рет лақтырғанда нешеуі түсті) | 5 | 10 | 5 | 10 |
| | 4 | 8 | 4 | 8 |
| | 3 | 6 | 3 | 6 |

**<u>Бірінші</u> шығармашылық «Мамандану бойынша нормативтер»**

**ВОЛЕЙБОЛ**

| Жаттығулар | Ерлер | | Әйелдер | |
|---|---|---|---|---|
| | Нәтиже | Ұпай | Нәтиже | Ұпай |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| Кез-келген тәсілмен допты көтеру (допты 15 рет бергендегі доптың алаңға түсу саны) | 5 | 10 | 5 | 10 |
| | 4 | 8 | 4 | 8 |
| | 3 | 6 | 3 | 6 |
| 6-7 метр ара қашықтықта екі қолмен допты жоғары жақпен беру (допты үзіліссіз беру саны) | 15 | 10 | 10 | 10 |
| | 14 | 8 | 9 | 8 |
| | 13 | 6 | 8 | 6 |
| Допты өзінен жоғары 2 метр биіктікке беру, 3 м диаметрдің ішінде (допты беру саны) | 15 | 20 | 15 | 20 |
| | 14 | 18 | 14 | 18 |
| | 13 | 16 | 13 | 16 |
| | 12 | 14 | 12 | 14 |

**<u>Бірінші</u> шығармашылық «Мамандану бойынша нормативтер»**

**ФУТБОЛ**

| Жаттығулар | Ерлер | | Әйелдер | |
|---|---|---|---|---|
| | Нәтиже | Ұпай | Нәтиже | Ұпай |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Орнында тұрып допты қашықтыққа тебу | 70 | 10 | | |
| | 69 | 8 | | |
| | 68 | 6 | | |
| Қақпаға 16 метр қашықтықтан дәлдікпен тебу (ұпай санымен бағалау). | 10 | 20 | | |
| | 9 | 18 | | |
| | 8 | 16 | | |
| Допты баспен, тіземен, аяқпен теуіп өнерін көрсету. (Саны) | 30 | 10 | | |
| | 25 | 8 | | |
| | 20 | 6 | | |

**<u>Бірінші</u> шығармашылық «Мамандану бойынша нормативтер»**

**БОКС**

| р/с | Нормативтер | Нәтижелер | Ұпайлар |
|---|---|---|---|
| | 2 | 3 | 4 |
| 1. | Жүгіру – 30 м. (секунд) | 4,0 | 10 |
| | | 4,1 | 8 |
| | | 4,2 | 6 |
| 2. | 12 минут Жүгіру (метр) | 3200 м | 20 |
| | | 3190 м | 18 |
| | | 3180 м | 16 |
| | | 3170 м | 14 |
| 3. | Спорттық құрылғыларда жұмыс істеу. Алыс, орта, жақын ара қашықтықта. Басқа және кеудеге берген тура соққы техникасын бағалау. Соққы техникасын бағалау. | 5 | 10 |
| | | 4 | 8 |
| | | 3 | 6 |
| | | 2 | 4 |
| | | 1 | 2 |

**<u>Бірінші</u> шығармашылық «Мамандану бойынша нормативтер»**

**ГИМНАСТИКА**

| Жаттығулар | Ерлер | | Әйелдер | |
|---|---|---|---|---|
| | Нәтиже | Ұпай | Нәтиже | Ұпай |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| Жоғары старттан жүгіру – 20 м. (секунд) | 3,9 | 10 | 4,1 | 10 |
| | 4,0 | 8 | 4,2 | 8 |
| | 4,1 | 6 | 4,3 | 6 |
| | 4,2 | 4 | 4,4 | 4 |
| | 4,3 | 2 | 4,5 | 2 |
| 120 см. биіктіктегі ағаш аттан қолды тіреп секіру. (ерлер үшін, ұпай) 115 см. биіктіктегі ортекеден секіру (әйелдер үшін, ұпай) | 10,0 | 10 | 10,0 | 10 |
| | 9,9 | 8 | 9,9 | 8 |
| | 9,8 | 6 | 9,8 | 6 |
| | 9,7 | 4 | 9,7 | 4 |
| | 9,0 | 2 | 9,0 | 2 |
| Акробатика (ұпай) (Қолды тіреп алғашқы | 9,9-10,0 | 20 | 9,9-10,0 | 20 |
| | 9,7-9,8 | 18 | 9,7-9,8 | 18 |
| | 9,5-9,6 | 16 | 9,5-9,6 | 16 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| қалыпқа түсу, алдыға айналып түсу, тепе-теңдік сақтау, секіріп алдыға айналып түсу, баспен тұру, негізгі қалыптан жанына қарай айналу, алғашқы қалып) | 9,1-9,4 | 14 | 9,1-9,4 | 14 |
| | 8,6-9,0 | 12 | 8,6-9,0 | 12 |
| | 8,0-8,5 | 10 | 8,0-8,5 | 10 |
| | 7,0-7,9 | 8 | 7,0-7,9 | 8 |
| | 5,0-6,9 | 6 | 5,0-6,9 | 6 |
| | 4,0-4,9 | 4 | 4,0-4,9 | 4 |
| | 3,0-3,9 | 2 | 3,0-3,9 | 2 |

**4.2.5 Екінші шығармашылық «Жалпы дене даярлығы бойынша нормативтер» бойынша емтихан**

В005-Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламасына 11 сыныптан кейін оқуға түсетін талапкерлерге арналған **екінші шығармашылық емтихан «Жалпы дене даярлығы бойынша нормативтер»** шығармашылық емтиханы талапкерлердің дене қуаты қабілеттерінің сапалық деңгейін бағалауға арналған бақылау жаттығулары мен нормативтері

**ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА**

| Жаттығулар | Ерлер | | Әйелдер | |
|---|---|---|---|---|
| | Нәтиже | Ұпай | Нәтиже | Ұпай |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| Жүгіру – 100 м. (секунд) | 12,6 | 10 | 15,0 | 10 |
| | 13,0 | 8 | 15,5 | 8 |
| | 14,2 | 6 | 16,2 | 6 |
| | 14,5 | 4 | 16,4 | 4 |
| | 15,0 | 2 | 16,6 | 2 |
| Кросс – 3000 м. Ерлер (минут) Кросс – 1000 м. Әйелдер (минут) | 11,00 | 10 | 4,00 | 10 |
| | 12,00 | 8 | 4,30 | 8 |
| | 13,00 | 6 | 4,40 | 6 |
| | 15,00 | 4 | 4,50 | 4 |
| | 16,30 | 2 | 4,55 | 2 |

**4.2.6 Екінші шығармашылық «Жалпы дене даярлығы бойынша нормативтер» бойынша емтихан**

В005-Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламасына оқуға түсетін талапкерлерге арналған **екінші шығармашылық емтихан «Жалпы дене даярлығы бойынша нормативтер»** шығармашылық емтиханы талапкерлердің дене қуаты қабілеттерінің сапалық деңгейін бағалауға арналған бақылау жаттығулары мен нормативтері

**ГИМНАСТИКА**

| Жаттығулар | Ерлер | | Әйелдер | |
|---|---|---|---|---|
| | Нәтиже | Ұпай | Нәтиже | Ұпай |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| Орнынан секіру (ерлер үшін, ұпай) Ағаш аттан ұзынынан | 10,0 | 5 | 10,0 | 5 |
| | 9,0 | 4 | 9,0 | 4 |
| | 8,0 | 3 | 8,0 | 3 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| секіру, биіктігі 120 см. Орнынан секіру Ортекеден көлденен секіру, биіктігі 115 см. (әйелдер үшін, ұпай) | 7,0 | 2 | 7,0 | 2 |
| Акробатика(ұпай) (Алғашқы қалпы: отырып тіреу, алдыға домалану, тепе-теңдік сақтау, алдыға секіріп домалану, басына тұру, негізгі тұрудан шетке төңкерілу, отырып тіреу-иіліп секіру, негізгі тұру.) | 9,0-10,0 | 10 | 9,0-10,0 | 10 |
| | 8,0-8,5 | 6 | 8,0-8,5 | 6 |
| | 4,0-4,9 | 2 | 4,0-4,9 | 2 |
| Кермеге тартылу (Ерлер үшін – неше рет) Қолды желкеге қойып, жатқан жерінен денесін көтеру және түсіру (әйелдер үшін - неше рет) | 18-17 | 5 | 40 | 5 |
| | 15-14 | 4 | 35 | 4 |
| | 13-10 | 2 | 30 | 2 |

## 5. ҚҰЖАТТЫҢ ОРЫНДАЛУЫН БАҚЫЛАУ

5.1 Бақылауға жататын құжаттардың орындалуын қадағалау, құжат барысын сараптау, яғни оны есепке алу, іске жіберу, орындалған құжатты бақылаудан бақылау арнайы мамандық жанынан құрылған комиссия және қабылдау комиссиясының басшылығымен жүзеге асырылады.

5.2 Орындалуды талап ететін барлық құжаттар бақылауға алынады.

5.3 Құжаттардың орындалуы мерзімін бақылау мәселе мәніне қарай бағдарламаны орындаушы құрылымдық комиссиясына және басшыларына жүктеледі.

## 6 ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

6.1 Университеттің осы бағдарламаны басқару және өзгерістер енгізу сәйкес жүзеге асады.

## 7 КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

Осы университет бағдарламасын талқылау және келісу Басқару Кеңесінде жүзеге асырылады және хаттамамен рәсімделеді.

7.2 Осы университет ережесінің жұмыс данасын сақтау, тираждау және қоданушыларға жіберу жауапкершілігі қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына жүктеледі. Осы университет ережесінің жұмыс нұсқалары келесі адрестер бойынша жіберіледі: Университет ректорына, құрылым басшыларына, факультет декандары, кафедра меңгерушілері, шығармашылық емтихан қабылдау комиссиясы құрамы.

## 8. ҚҰЖАТТАРДЫ ЖЕДЕЛ ТҮРДЕ САҚТАУ

Іс жүргізу қызметінде жасақталып болған құжаттар ұйымның мұрағатына тапсырылғанға дейін сақталады.

**Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы** **А.Ә.Алайдаров**